Эмитенттің төленген жарғылық капиталындағы қатысу үлесі 4,79%. Эмитенттің еншіліс және тәуелді ұйымдарының жарғылық капиталындағы үлестері жоқ.

15. Бұл тармақ акционерлік қоғамдармен толтырылмайды.

16. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқару органының мүшелеріне және басқа да басқарушы тұлғаларына төленген сыйақы.

Осы Проспектінің 13, 13-1 ж/е 14 тармақтарында көрсетілген тұлғаларға облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күнге дейін үш айда төленген сыйақының жалпы мөлшері (ақшалай, бағалы қағаздармен немесе қандай да бір басқа нысанда) және де осы көрсетілген тұлғаларға облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннен кейінгі келесі он екі ай ішінде төленуге тиісті деп жоспарланған жалпы сыйақы мөлшері.

Соңғы үш айда, яғни 2010 жылдың желтоқсан айынан 2011 жылдың ақпан айы аралығында директорлар кеңесінің мүшелеріне және Бас директорға берілген сыйлықақының жалпы мөлшері 6 508 мың теңгені құрады (осы проспектінің 13 және 14 тармағында көрсетілген).

Жоғарыда аталған тұлғаларға келесі он – екі ай ,яғни 2011 жылдың наурыз айынан 2012 жылдың наурыз айына дейінгі аралықта берілетін сыйлықақының жалпы мөлшері, шамамен 20 884 мың теңгені құрайды.

17. Эмитенттің ұйымдық құрылымы.

Осы тармақта көрсетіледі:

1) эмитенттің құрылымдық бөлімшелері, филиалдары мен өкілдіктері;

Эмитенттің құрылымдық бөлімшелері:

- Бухгалтерия;
- Заң департаменті;
- Корпоративтік қатынастар департаменті;
- Мониторинг және экономикалық талдау департаменті;
- Персоналдарды басқару департаменті;
- Инвестициялық жобалар департаменті;
- Хатшылық бөлім.

Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

2) эмитенттің қызметкерлерінің, оның ішінде акционерлік қоғам филиалдары мен өкілеттіктері қызметкерлерінің жалпы саны

28 адам.

3) акционерлік қоғам бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер;

Алатаева Айгүл Айтбайқызы, бас бухгалтер, 1974 жылы туылған;

Шарбаков Асқар Жиенбайұлы, корпоративтік қатынастар департаментінің директоры, 1956 жылы туылған;

Келмұхамбетова Райса Сәлімқызы, мониторинг және экономикалық талдау департаментінің директоры, 1976 жылы туылған;

Қырықмылтықова Фәкизат Жайлыбайқызы, персоналдарды басқару департаментінің директоры, 1980 жылы туылған;

Уразаль Алима Уразальқызы, хатшылық басшысы, 1989 жылы туылған.

3. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) және аффилирленген тұлғалары

18. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары).

Осы тармақта көрсетіледі:

1) эмитенттің акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы саны (егер эмитенттің акционері (қатысушысы) болып заңды тұлға табылса, осы заңды тұлғаның ірі акционерлері көрсетіледі) және эмитенттің үлесінің (орналастырылған және дауыс беретін акцияларының) он және одан да көп пайызды иеленетін акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер (заңды тұлғаның толық және қысқартылған атаулары, орналасқан жері, не болмаса жеке тұлғаның аты-жөні, болса – әкесінің аты)

2011 жылдың 30 сәуірге қараған күнге эмитенттің акционерлерінің жалпы саны 4856 жеке және заңды тұлғалар құрайтын акционерлер болды.

Эмитенттің ірі акционерлері туралы мәліметтер:

Эмитенттің акционерлерінің жалпы саны:

- жеке тұлғалар – 4850 адам;
- заңды тұлғалар – 4 акционер, оның ішінде

Заңды тұлғаның аталуы	Ірі акционерлер
«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ	- CNPC Exploration and Development Company Ltd - 66.7 %; - CNPC International (Caspian) Ltd - 25.12 %.
«NOMAD FINANCE» АҚ	- Байғанин Ерболат Момынұлы - 40,375 %; - Құсаинов Мұқаш Акрамұлы - 49,7169 %.
«КАСКОМ» ЖШС	Ірі акционерлері жоқ. ЖШС-тің заңды мәртебесі ұйымдастыру-құқықтық түрінде оның қатысушыларының құрамында акционерлер болуын көздемейді.
«КАРОС-ИНВЕСТ» ЖШС	

Эмитенттің үлесінің (орналастырылған және дауыс беретін акцияларының) он және одан да көп пайызды иеленетін акционерлер туралы мәліметтер:

Заңды тұлғаның аталуы	Орналасқан жері	Иеленетін акциялардың эмитенттің орналастырған акциялардың жалпы санына пайыздық ара қатынасы	Иеленетін акциялардың эмитенттің дауыс беретін акциялардың жалпы санына пайыздық ара қатынасы
«КАСКОМ» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (қысқартылған атауы – «КАСКОМ» ЖШС)	Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы, Элеваторная көшесі, № 3-«Г» үй	29,963 %	29,973 %
«КАРОС-ИНВЕСТ» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (қысқартылған атауы – «КАРОС-ИНВЕСТ» ЖШС)	Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Павлов көшесі, № 112-А үй	29,963 %	29,973 %

2) эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ эмитентті басқа ұйымдар арқылы бақылау құқығы бар тұлғалар туралы мәліметтер

Эмитенттің акционерлері болып табылмайтын, бірақ эмитентті басқа ұйымдар арқылы бақылай алатын тұлғалар, жоқ.

19. Жарғылық капиталында эмитенттің он және одан да көп пайызымен акциялары (үлесі) бар заңды тұлғалар туралы, ол заңды тұлғалардың (толық атаулары, орналасқан жерлері, эмитенттің оның жарғылық капиталындағы акцияларының (үлесінің) пайыздық ара қатынасы, қызмет түрі, бірінші басшысының аты-жөні, болса – әкесінің аты, мәліметтер.

«НефтеГаз-Дем» Жинақтаушы зейнетақы қоры» Акционерлік қоғамы (қысқартылған атауы – «НефтеГаз-Дем» ЖЗҚ» АҚ):

- орналасқан жері: 030006, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Әйтеке би көшесі, № 58 үй;
- эмитенттің жарғылық капиталындағы акцияларының (үлесінің) пайыздық ара қатынасы – 25 %;
- негізгі қызмет түрлері: зейнетақы жарналарын тарту, зейнетақы төлемақыларын жүзеге асыру, зейнетақы активтерін құнды қағаздар рыногында инвестициялық басқару;
- бірінші жетекші – Басқарма төрағасы Әміржанов Нұрлан Какенұлы, 1966 жылы туылған.

«Светланд-Ойл» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (қысқартылған атауы – «Светланд-Ойл» ЖШС):

- орналасқан жері: 060011, Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы, Шевченко көшесі, № 2 үй;
- эмитенттің жарғылық капиталындағы акцияларының (үлесінің) пайыздық ара қатынасы – 74,5 %;
- негізгі қызмет түрлері: мұнайды және мұнай өнімдерін өндіру, өңдеу және сату, шикізат пен қоқысты өңдеу, көтерме және жекеөдара сауда.
- бірінші жетекші – Бас директор Шмаль Иосиф Иосифович, 1951 жылы туылған

«Жаназол ГТЭС» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (қысқартылған атауы – «Жаназол ГТЭС» ЖШС):

- орналасқан жері: 030006, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Әйтеке би көшесі, № 58 үй;
- эмитенттің жарғылық капиталындағы акцияларының (үлесінің) пайыздық ара қатынасы – 100 %;
- негізгі қызмет түрлері: электр энергиясын өндіру және тарату
- бірінші жетекші – Бас директор Королев Сергей Владимирович, 1965 жылы туылған.

20. Эмитент қатынасатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.

Эмитент өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдарға қатыспайды.

21. Эмитенттің басқа аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер

Осы тармақта осы Проспектінің 13, 13-1, 14, 18, 19 тармақтарында көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес акционерлік қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын барлық тұлғалар туралы мәліметтерді көрсету қажет, заңды тұлғаның толық және қысқартылған атауларын (жеке

тұлғаның аты-жөні, болса – әкесінің аты), орналасқан жерін, қызмет түрлерін бірінші жетекшінің аты-жөні, болса – әкесінің атын көрсете отырып.

2011 жылғы 01 сәуір жағдайына эмитенттің басқа аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер

№	Аты-жөні, әкесінің аты (болғанда)	Туған күні	Аффилирленгенді мойындауға негіз	Аффилирленгенді пайда болу күні	Ескерту
1	Бижанов Ғалым Әнесұлы	10.01.1975 ж.	64 баптың 1 тар-ң 2) тармақшасы	28.06.1996 ж.	Ә.Қ.Бижановтың ұлы
2	Бижанова Ғалия Әнесқызы	30.01.1981 ж.	64 баптың 1 тар-ң 2) тармақшасы	28.06.1996 ж.	Ә.Қ.Бижановтың қызы
3	Байсырымова Валентина Николаевна	29.12.1970 ж.	64 баптың 1 тар-ң 2) тармақшасы	10.05.2006 ж.	Б.Т.Байсырымовтың зайыбы
4	Байсырымов Ақылбек Темірханұлы	01.06.1970 ж.	64 баптың 1 тар-ң 2) тармақшасы	10.05.2006 г.	Б.Т.Байсырымовтың інісі
5	Байсырымова Құралай Темірханқызы	05.04.1974 ж.	64 баптың 1 тар-ң 2) тармақшасы	10.05.2006 ж.	Б.Т.Байсырымовтың қарындасы
6	Шутов Денис Владиславович	09.12.1974 ж.	64 баптың 1 тар-ң 2) тармақшасы	27.03.2002 ж.	В.Н.Шутовтың ұлы
7	Шутова Оксана Владиславовна	20.08.1969 ж.	64 баптың 1 тар-ң 2) тармақшасы	27.03.2002 ж.	В.Н.Шутовтың қызы
8	Сариев Рақым	15.04.1934 ж.	64 баптың 1 тар-ң 2) тармақшасы	14.03.2008 ж.	А.Р.Үмбетованың әкесі
9	Қартбаева Уштап	06.08.1938 ж.	64 баптың 1 тар-ң 2) тармақшасы	14.03.2008 ж.	А.Р.Үмбетованың анасы
10	Үмбетов Фаруд Зиманұлы	21.10.1968 ж.	64 баптың 1 тар-ң 2) тармақшасы	14.03.2008 ж.	А.Р.Үмбетованың жұбайы
11	Сариева Гүлнар Рахымқызы	07.11.1960 ж.	64 баптың 1 тар-ң 2) тармақшасы	14.03.2008 ж.	А.Р.Үмбетованың апасы
12	Жұмағалиев Аманша Аюпұлы	20.02.1961 ж.	64 баптың 1 тар-ң 3) тармақшасы	01.12.2010 ж.	Ірі акционердің лауазымды тұлғасы («КАРОС-ИНВЕСТ» ЖШС)
13	Сейтжапаров Нұрлыбек Саясатович	15.06.1968 ж.	64 баптың 1 тар-ң 3) тармақшасы	01.09.2006 ж.	Ірі акционердің лауазымды тұлғасы («КАСКОМ» ЖШС)
14	Әміржанов Нұрлан Какенұлы	05.04.1966 ж.	64 баптың 1 тар-ң 3) тармақшасы	05.01.1998 ж.	Жарғылық капиталында эмитенттің он және одан да көп пайызымен үлесі бар заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы («НефтеГаз-Дем» ЖЗҚ» АҚ)
15	Шмаль Иосиф Иосифович	17.10.1951 ж.	64 баптың 1 тар-ң 3) тармақшасы	13.12.2005 ж.	Жарғылық капиталында эмитенттің он және одан да көп пайызымен үлесі бар заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы («Светланд-Ойл» ШЖС)
16	Королев Сергей Владимирович	22.08.1965 ж.	64 баптың 1 тар-ң 3) тармақшасы	19.03.2007 ж.	Жарғылық капиталында эмитенттің он және одан да көп пайызымен үлесі бар заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы («ЖГТЭС» ЖШС)

22. Эмитенттің аффилиирленген тұлғаларымен жасалатын мәмілелер.

Осы тармақта осы шешімді қабылдаған эмитенттің органын көрсете отырып қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен жасалған мәмілелер туралы ақпаратты; мәміленің жасалған күні; мәміленің тараптары болып табылатын заңды тұлғаның атауын және/немесе жеке тұлғаның аты-жөнін, бар болса - әкесінің атын; мәміле сомасын және мәнін көрсету қажет.

Эмитенттің Директорлар кеңесінің 01.04.2010 ж. шешімі бойынша эмитенттің негізгі құралдары («Қуатын 110 МВт жеткізу арқылы Жаңажол ГТЭС-н кеңейту» жобасын жүзеге асыру шеңберінде іске қосылған Жаңажол ГТЭС-нің бірінші кезегі) қаржы лизингі арқылы «Жаңажол ГТЭС» ЖШС-на (орналасқан жері: 030006, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Әйтеке би көшесі, № 58 үй) берілген.

22-1. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде аффилиирленгендігін тану үшін негізді және оның туындадан күнін көрсете отырып секьюритилендіру мәмілесі тараптарының аффилиирленгендігі туралы ақпарат ашылады.

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

4. Эмитент қызметінің сипаттамасы

23. Эмитент қызметіндегі жалпы үрдістердің қысқаша сипаттамасы, соның ішінде эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша.

Осы тармақта көрсетілуі керек:

1) эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер

Эмитенттің негізгі қызмет түрі (электр қуатын өндіру және тарату) бойынша келесідей ұйымдар бәсекелестері болып табылады:

«Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы» ЛЭП-500 торабы бойынша өзінің электр қуатын тасымалдайтын Солтүстік Қазақстанда орналасқан электр станциялары және Ресейдің электр қуатын өндірушілері эмитенттің тікелей бәсекелестері болып табылады. Олардың жеткізетін электр қуаты бірнеше энергия тасымалдаушылары арқылы өтетін болғандықтан, оның өз құны аймақта өте жоғары болады.

Эмитенттің қосалқы бәсекелестері болып табылатын ұйымдар:

«Ақтөбе ЖЭО» АҚ (Ақтөбе қ., 312 Атқыштар дивизисы көш.). Қызметінің негізгі бағыты: Ақтөбе қаласының тұрғындары мен кәсіпорындарын жылу мен ыстық сумен қамтамасыз ету. Өндірілетін электр қуаты онымен технологиялық байланыстағы кәсіпорындарға жеткізіледі: АХҚЗ (будың негізгі тұтынушысы), «Ақбұлақ» ЖШС (техникалық қажеттер үшін суық суды жеткізу), «Жылуэнергия» ЖШС (қаланың жылу мен ыстық сумен қамтамасыз ету қызметтерін көтерме сатып алушы).

АФҚЗ «Ақтурбо» электр станциясы (Ақтөбе қ., 312 Атқыштар дивизисы көш.). Қызметінің негізгі бағыты: «ТНК Казхром» АҚ-ның өнеркәсіп кәсіпорындарының ішкі мұқтажына электр қуатын өндіру.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ (ГПЗ-3 ГТЭС-45) (Ақтөбе қ., Некрасова көш., 158). Жаңажол кен орнының орналасқан.

Қызметінің негізгі бағыты: ішкі мұқтажына электр қуатын өндіру.

2) Эмитент қызметінің Қазақстан Республикасы ішіндегі орташа салалық және мүмкін болатын орташа әлемдік көрсеткіштері бойынша эмитент қызметінің салыстырмалы сипаттамасы;

Эмитент соңғы үш жылда (2008-2010 жж.) өзінің қызмет түрі бойынша 1 327 млн. кВт*сағат электрэнергиясын өндірді, ол жылына орташа алғанда 442 млн.кВт*сағатты құрады.

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің мағлұматтары бойынша 2008 жылдан 2010 жыл аралығында республикада электр қуат көлемі 241,741 млрд.кВт*сағат өндірілген, бұл жылына орташа есеппен 80,580 млрд.кВт*сағатты құрады. Аталған аралықта Ақтөбе облысында 6,748 млрд.кВт*сағат электр қуаты өндірілген болатын (жыл сайынғы өндіріс 2,249 млрд.кВт*сағат). Осылайша, жалпыреспубликалық электр қуатын өндіру және тарату құрылымында Ақтөбе облысының үлесі 2,8%-ды құрайды.

2007-2009 жж. мәліметтер бойынша дүние жүзінде (213 мемлекет) электр қуатын өндіру орташа есеппен 22,330 трлн.кВт*сағатты құрды. Қазақстан әлемдік масштабта электроэнергиясын өндіруден үлесі 0,35%-бен 37-ші орында.

3) саланың болашақта дамуына және осы саладағы эмитент жағдайларына қатысты болжам

Қазіргі уақытта Ақтөбе облысында электр қуатына деген қажеттілік жергілікті өндірушілер есебінен шамамен 55-60% ғана қанағаттандырылады. Облыс энергетикалық тәуелсіздікке, яғни сырттан электр қуатын жеткізілуден және қазіргі таңда бар электр қуатының дефицитін жабу үшін суммарлық қуаттылығы 250-300 МВт-ты құрайтын жаңа электр станцияларын салып және олар қолданысқа беру қажет. Ақтөбе облысында 2015 жылға арналған даму жоспарын есепке алатын болсақ, электроэнергиясын тұтыну қосымша 350-400 МВт –қа дейін өсуі күтілуде.

Жаназол электр станциясында электр қуатын көбейту қажеттілігі облыстың стратегиялық дамуының негізгі бағыттарының бірі болып табылатын өнеркәсіп және шикізат потенциалын тиімді пайдалану негізіндегі экономикалық өсу. Энергияны тұтынудың өсуінің негізгі себебі сондай-ақ Қазақстанның аймақтарын индустриализациялау және өнеркәсіпті дамыту бағдарламалары болып табылады. Сонымен қатар отандық энергия өндірісінің жетіспеуіне байланысты Ақтөбе облысының ресейлік өндіруші «ЕЭС России» РАҚ-на тәуелді. Аймақты энергетикалық тәуелсіздікпен қамтамасыз ету үшін жаңа электр станцияларын салу және оларды қолданысқа беру өзекті мәселе.

24. Эмитенттің жасаған, нәтижесінде қызметіне қомақты әсер етуі мүмкін келісім-шарттары, келісімдері туралы мәліметтер.

Эмитентпен жасалынған келісімшарт немесе мәміле, оның қызметіне айтарлықтай әсері болмайды.

25. Құжат берілген күнді, нөмірін, күшінде болу мерзімі мен берген органды көрсетіп, эмитенттің қызмет атқару үшін алған лицензиялары, патенттері, рұқсаттары туралы мәліметтер

Эмитенттің қызмет атқару үшін алған лицензиялары, патенттері, рұқсаттары жоқ.

26. Соңғы екі жыл ішінде немесе нақты қызмет атқару кезеңіндегі таратылған өнімдердің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) көлемдері қабылданған физикалық немесе сандық өлшем бірліктерімен

Соңғы екі жыл ішінде немесе нақты қызмет атқару кезеңіндегі таратылған өнімдердің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) көлемдерінің өзгеруін талдау

2009-2010 жылдар үшін эмитент өзінің барлық қуат көздерімен көлемі 942,8 млн.кВт*сағат электр энергиясын өндірді, ол аймақтық (Ақтөбе облысы) электроэнергиясы өндірісінің 24% үлесін құрайды. 2009 жылға дейін электроэнергиясы ЖГТЭС эмитентімен өндірілетін болған (қуаттылығы 56 МВт). 2009 жылы эмитентпен көлемі 343 млн.кВт*сағат электроэнергиясы өндірілген, ол 2008 жылға қарағанда 9%-ға төмен (384 млн.кВт*сағат). 2010 жылы «ЖГТЭС-ті қуаттылығы 110 МВт-қа жеткізу арқылы

кеңейту» жобасын жүзеге асырғаннан кейін станцияның қуаттылығы 48 МВт-қа өсті, эмитенттің өндіріс көлемі көбейіп (+89 %) және 599,597 млн.кВт*сағат деңгейіне жетті.

27. Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша сату (жұмыстар, қызметтер) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар.

Жағымды факторлар:

- Электрэнергиясын өндіру бойынша қазіргі қуатын кеңейту;
- Аймақта электрэнергия тапшылығы (дефициті);
- Электрэнергиясын өндіру үшін жақын орналасқан мұнай газ құбырларын пайдалану;
- Қазақстанда электрэнергиясын тұтынудың тұрақты өсуі өнеркәсіптің дамуымен және тұрғындардың өмір деңгейінің өсуімен байланысты;
- Эмитенттің келе байыған тәжірибесі және квалификациясы бар жоғарғы маманданған персоналдар;
- Шикізат көзінің Жаңажол газтурба электрстанция орналасқан жеріне жақын болуы.

Жағымсыз факторлар:

- Негізгі шикізатқа (газ) әлемдік бағаның әсері;
- Аймақта бәсекелестіктің өсуі.

28. Эмитенттің өз өнімін (жұмыстарын, қызметтерін) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі

Осы тармақта эмитенттің негізгі жеткізушілері мен тұтынушылары туралы мәліметтерді, эмитенттің ағымдағы бар жеткізушілер мен тұтынушылардан тәуелділік дәрежесін көрсету қажет, соның ішінде:

1) жалпы жеткізудің үлесінде он және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің жеткізушілерінің, олардың үлестерін пайызбен көрсете отырып, атаулары мен орналасқан жерлерін көрсету қажет.

Эмитенттің барлық жеткізілімнің жалпы көлемінің он және одан да көп пайызы тиесілі ірі жеткізушілері.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ. Мекен-жайы: 030000, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Некрасов көшесі, № 158 үй. Жеткізілетін өнім – ілеспе мұнай газы. Жеткізілімнің жалпы көлеміндегі үлесі – 100,00 %.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ табиғи монополия субъектісі болып табылады. 09.07.1998 жылғы «Табиғи монополия және басқарылатын нарықтар туралы» ҚР-ның Заңына сәйкес табиғи монополия субъектісі басқарылатын қызметтер (тауарлар, жұмыстар) тұтынушыларын жалпы қамтамасыз етуге міндетті.

2) эмитенттің тауарлардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) сатудан түскен жалпы кірістің үлесінде он және одан астам пайызын құрайтын тұтынушының, олардың үлестерін пайызбен көрсете отырып, атаулары мен орналасқан жерлерін көрсету қажет. Эмитенттің тауарларды (жұмысты, қызмет көрсетуді)сатуда туатын жағымсыз факторлар ашып көрсетіледі.

Өнімді (жұмысты, қызметті) сатудан түскен жалпы пайданың он және одан да көп пайызы эмитенттің ірі тұтынушыларына тиесілі.

«Ақтөбэнергожабдықтау» ЖШС. Мекен-жайы: 030000, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, 312 Атқыштар дивизияның даңғылы, № 44-А үй. Тұтынатын өнім – электрэнергия. Өнімді (жұмысты, қызметті) сатудан түскен жалпы пайдадағы эмитент үлесі – 38 %.

«Энергосистема» ЖШС. Мекен -жайы: 030000, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, 312 Атқыштар дивизияның даңғылы, № 42 үй. Тұтынатын өнім – электрэнергия. Өнімді (жұмысты, қызметті) сатудан түскен жалпы пайдадағы эмитент үлесі – 51 %.

Эмитенттің өнімді (жұмысты, қызметті) сатуға әсер етуі мүмкін жағымсыз факторлар:

- Бәсекелестіктің өсуі.

29. Эмитент қызметіне әсер ететін негізгі факторлар

1) эмитенттің қызметінің маусымдылығы, эмитент қызметінің маусымдық сипаты бар түрлері, олардың эмитенттің жалпы кірісіндегі үлесі.

Эмитент қызметі мезгілдік сипатты емес.

2) эмитентке жеткізілетін шикізаттың (жұмыстың, қызметтің) жалпы көлеміндегі импорттың үлесі және эмитент экспортқа шығаратын өнімнің (жұмыстың, қызметтің) таратылатын өнімдердің жалпы көлеміндегі үлесі

Эмитент өз қызметінде шикізатты (жұмыс, қызмет көрсету) импортқа және өнімді (жұмыс, қызмет көрсету) экспортқа шығармайды.

3) мәміле (мәмілелер) сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының он пайызынан асатын болса, облигациялар шығарылымы туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай ішінде жасалуға немесе орындалуға тиісті мәмілелер туралы мәліметтер.

Егер бұл мәмілелердің сомасы эмитенттің активтерінің баланстық құнының он пайызынан асқан жағдайда облигациялық бағдарлама шеңберінде облигация бағдарламасы және облигациялардың бірінші шығарылымының ашылуы туралы шешім қабылданған күннен алты ай аралығында жасалынған немесе жүзеге асырылған мәмілелер жоспарланбайды.

4) болашақ міндеттемелер.

Эмитент 27.07.2009 № 3U/157 жылда несиелік желіні бергені туралы келісім негізінде «Еуразиялық банк» АҚ-ның алдында өз борышын өтеу міндеттемесі бар. Эмитент өзінің міндеттемелерін өз қызметі есебінен уақытылы төлеген жағдайда , бұл міндеттеме оның қызметіне жағымсыз әсері болмайды.

Эмитент үшінші тараптардың бағалы қағаздары және заемдері бойынша сөз сөйлемейді және кепілдеуші болуға жоспарламайды.

5) эмитенттің сот процесстеріне қатысуы туралы мәліметтер.

Эмитент нәтижелері бойынша эмитенттің қызметінің тоқтатылу немесе шектеу, ақшалай және басқа міндеттемелерді жүктеу болған соттық процесстерге қатыспаған.

6) әкімшілік санкциялар туралы мәліметтер

Соңғы жыл ішінде мемлекеттік үкілетті органдармен немесе сотпен эмитентке және басқа оның лауазым тұлғаларына айтарлықтай әкімшілік санкциялар салынған емес.

7) тәуекел факторлары.

Экономикалық тәуекелдер. Экономикалық тәуекел факторлары Қазақстанда макроэкономикалық жағдайдың өзгеруімен және экономикалық белсенділіктің құлдырауымен байланысты, ал бұл өз кезегінде эмитенттің ағымдағы қызметіне әсер етуі мүмкін. Әйтсе де, шығарылған тауарлар және көрсетілетін қызметтерге деген қажеттіліктің болуы эмитент үшін тәуекел дәрежесін аса әсер етпейді.

Несиелік тәуекел. Несиелік тәуекелдер котрагенттердің өз міндеттемелерін орындамауымен байланысты болған қаржылай жоғалтуларды білдіреді. Эмитенттің жағымды несиелік тарихы, негізгі өнімді өндірудің өсуі және өндіріс қуаттарын үздіксіз дамыту мен жаңарту саясаты бұл тәуекелді өте азайтады.

Техникалық тәуекелдер. Эмитент үшін техникалық тәуекелдің негізгі факторы техникалық тұрғыдан жабдықтың тозуы, эмитенттің техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне жағымсыз ықпал тигізеді. Өндіріс қуаттарын жаңаландыру және қайта құру мақсатында жыл сайын бөлініп жатқан капиталды салымдардың айтарлықтай көлемдеріне және де жоспарлық, регламенттік жөндеу жұмыстарын жүргізу кестесін ұдайы сақтауға байланысты бұл тәуекел деңгейі аса мәнді болмайды.

Әлеуметтік тәуекелдер. Эмитенттің әлеуметтік және кадрлық саясаты мамандандырылған қызметкерлерді тартуға, сонымен бірге оларға әлеуметтік жағдайды қамтамасыз етуі бағытталған. Эмитент болуы мүмкін әлеуметтік сипаттағы жағымсыз әсерлерді қысқартуға бағытталған саясат жүргізеді. Аналық және еншілес серіктестіктер қызметкерлердің мамандығын жетілдіруі бойынша жұмыс үнемі жүргізіледі, менеджменттің ИСО 9001-2001-ші сапа жүйесі енгізілген, қызметкерлердің айналым жүйесі енгізілген.

Экологиялық тәуекелдер. Өндірістік объектілерде эмитенттің өнім өндіру кезінде қоршаған ортаға зиянды заттарды шығаруы нәтижесінде техногенді апаттардың пайда болу тәуекелі бар. Өнеркәсіп қауіпсіздігінің жүйесі, Жаңажол газ турбинді электр станциясының (ЖГТЭС) экологиялық қауіпсіздігі өндірістік технологиялық процесстерді және электр қуатын таратуды толық автоматты басқаруды көздейді. Бұл жүйе станцияны қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етеді, станция жұмыскерлеріне әсер ететін факторларды азайтады, қоршаған халықты ауаға түсетін зиянды заттардан қорғайды. ЖГТЭС Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қоршаған ортаға шығару рұқсаты бар, және де жыл сайын экологиялық сақтандыру шарттарын жасайды. Бұл тәуекел барлық талаптарды сақтаған уақытта өте аз болмақ.

8) эмитенттің қызметі, эмитент қызметін атқаратын рыноктар туралы басқа ақпарат.

«Қуатын 110 МВт жеткізу арқылы Жаңажол ГТЭС-н кеңейту» жобасын жүзеге асыру эмитенттің Қазақстан Республикасының үдемелі индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламаның іске асуына және Ақтөбе облысының экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосты.

5. Қаржы жағдайы

30. Баланстық құны материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнынан бес және одан да көп пайызын құрайтын материалдық емес активтердің түрлері.

2011 жылдың 31 наурызына қарасты эмитенттің материалдық емес активтерінің қалдық баланстық құны 39 733 мың теңге құрады.

Материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнынан баланстық құны бес және одан да көп пайызын құрайтын материалдық емес активтердің құрылымы:

Материалдық емес активтердің атауы	Қалдық баланстық құны, мың теңге	Материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнынан пайыздық үлесі
Тарихи шығындар	21 436	54,0 %
АСКУЭ	15 010	37,8 %

31. Баланстық құны негізгі құрал-жабдықтардың жалпы баланстық құнынан бес және одан да көп пайызын құрайтын негізгі құрал-жабдықтардың түрлері

2010 жылдың 31 наурызына қарасты эмитенттің негізгі құрал-жабдықтарының қалдық баланстық құны 6 726 421 мың теңге құрады.

Негізгі құрал-жабдықтардың жалпы баланстық құнынан баланстық құны бес және одан да көп пайызын құрайтын негізгі құрал-жабдықтардың құрылымы:

Негізгі құрал-жабдықтардың аты	Қалдық баланстық құны, мың теңге	Негізгі құрал-жабдықтардың жалпы баланстық құнынан пайыздық үлесі
№ 2 өндірістік корпус ғимараты	411 458	6 %
Газтурбинді қозғағыш UGT16000 (ДЖ-59ЛЗ) на ГТУ № 6	334 026	5 %
Газтурбинді қозғағыш UGT16000 (ДЖ-59ЛЗ) на ГТУ № 7	337 771	5 %

32. Инвестициялар.

Осы мәселе бойынша ақпарат келесі құрылым бойынша беріледі: басқа заңды тұлғалардың капиталына тікелей инвестициялар, ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық портфель.

2011 жылдың 31 наурызына қарасты эмитенттің инвестицияларының баланстық құны 706 794 мың теңге құрады.

Инвестициялардың құрылымы:

Инвестициялардың аты	Қалдық баланстық құны, мың теңге	Инвестициялардың жалпы баланстық құнынан пайыздық үлесі
Үлестік тәсілмен есептелетін инвестициялар	190 158	26,9
Қысқа мерзімді инвестициялар:	516 636	73,1
Соның ішінде қысқа мерзімді несиелер	516 636	73,1
Барлығы:	706 794	100

33. Дебиторлық берешек.

Осы тармақта эмитент алдындағы дебиторлық берешек дебиторлық берешектің жалпы сомасынан бес және одан да көп мөлшердегі, немесе эмитенттің он өте ірі дебиторларының мекемелерінің атауының көрсетілуімен дебиторлық берешек құрылымы ашылады.

2011 жылдың 31 наурызына қарасты эмитенттің барлық дебиторлық берешегі 1 864 666 мың теңге (активтер құрылымындағы үлесі 18,8 %) құрады. Қысқа мерзімдік дебиторлық қарыз 835 936 мың теңге (барлық дебиторлық берешектен 44,8 %), ал ұзақ мерзімдік - 1 228 730 мың теңге құрады.

Эмитент алдында дебиторлық берешектің жалпы сомасынан мөлшері 5 % және одан да көп пайыз дебиторлық берешегі бар дебиторлар тізімі:

Дебиторлар атауы	Дебиторлық берешек сомасы, мың теңге	Дебиторлық берешектің жалпы сомасынан пайыздық үлесі
«Қандыағаш ГТЭС - 100» АҚ	1 028 730	55,2 %
Sataga Oil Trading	246 278	13,2 %
«Энергосистема» ЖШС	171 451	9,1 %

33-1. Эмитенттің міндеттемесін қамтамасыз етуші болып табылатын, эмитенттің активтері, активтердің жалпы көлемінен он пайыздан кем емес құрайтын, сондай-ақ әрбір активтің құнын және сәйкесінше шарттардың қолданылуының аяқталу күндерінің көрсетілуімен сенімділік басқаруға беру туралы мәліметтер.

2009 жылдың 27 шілдесіндегі № 3U/157 несиелік желіні беру туралы «Евразийский банк» АҚ-мен Келісімге сәйкес несиелік желіні қамтамасыз ету кепілі: Жаңажол газтурбиналық электростанциясы мүліктік кешені болып табылады, оның құрамына ғимараттар мен құрылыстар, жер телімдері, машиналар және жабдықтар, басқа да негізгі құрал-жабдықтар кіреді. Мүліктік кешеннің кепілдік құны 4 162 651 мың теңге құрайды, Келісімнің қолданылу мерзімі 2014 жылдың 27 шілдесіне дейін.

34. Жарғылық және жеке меншік капиталының мөлшері

Эмитенттің жарғылық капиталы 2011 жылдың 31 наурызына қарасты 1 362 600 мың теңге (капиталдың құрылымында 25,7 %), ал меншікті капиталы – 5 309 370 мың теңге құрады.

35. Заемдер.

Осы бөлімде әрекеттегі банктік заемдар және валютаның, сыйақының мөлшерлемесі, қамтамасыз ету түрлерінің көрсетілуімен несиелік желілер туралы ақпараттар ашылады. Жақын арадағы он екі ай ішінде өтелетін сомалар тоқсанға бөлінеді, қалған сомалар жылдарға бөлініп көрсетіледі.

Эмитент 2011 жылдың 31 наурызына қарасты 27.07.2009 ж. № 3U/157 Шартқа сәйкес «Евразийский банк» АҚ (№ 3 филиалы) тек бір ғана ұзақ мерзімдік банктік займы болды.

Қарыз параметрі:

- Қарыз валютасы – қазақстандық теңге;
- Сыйақы мөлшерлемесі:
27.07.2009 ж. бастап 24.01.2011 ж. дейін – жылдық 13 %
24.01.2011 ж. кейін – жылдық 11,5 %;
- қамтамасыз ету түрі – ЖГТЭС мүліктік кешеннің кепілдігі.
2009 жылғы 27 шілдедегі № 3U/157 ұзақ мерзімді несиелік желі беру Келісіміне сәйкес негізгі қарызды өтеу 2011 жылғы 27 сәуірде өндіріледі.

теңге

2011 ж. 2-тоқсан	75 781 879
2011ж. 3-тоқсан	194 951 619
2011 ж. 4-тоқсан	222 729 397
2012 ж. 1-тоқсан	222 729 397
2012 жылғы 9 ай	668 188 192
2013 жыл	890 917 589
2014 жыл	519 701 927
БАРЛЫҒЫ:	2 795 000 000

36. Эмитенттің негізгі қызметін атқаруына байланысты кредиторлық берешегі (жабдықтаушылардың алдындағы қарыз, алған аванстар)

Осы бөлімде эмитенттің кредиторлық берешектің жалпы сомасынан мөлшері бес пайыздан артық берешегі бар мекеме атауы және берешек сомасының көрсетілуімен кредиторлық берешектің құрылымы, немесе эмитенттің бірінші он ірі кредиторларының тізімі ашылады.

2010 жылдың 31 наурызына негізгі қызметін атқаруға тікелей байланысты кредиторлық берешегі 172 430 мың теңге құрады.

Баптардың атауы	Кредиторлық берешектің сомасы, мың теңге	Кредиторлық берешектің жалпы сомасынан пайыздық үлесі
Жабдықтаушыларға және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	111 395	64,6 %
Еңбек ақысы бойынша берешек	27 678	16,05 %
Төлемге сыйақы	7 767	4,5 %
Басқа да қысқа мерзімдік кредиторлық берешек	561	0,3 %
Алған аванстар	17	0,01 %
Ұзақ мерзімді саудалық және қалған кредиторлық берешек	25 012	14,54 %
БАРЛЫҒЫ:	172 430	100

Эмитент алдында кредиторлық берешектің жалпы сомасынан 5 % және одан да көп пайыз мөлшерінде берешегі бар кредиторлардың тізімі:

Кредиторлар атауы	Кредиторлық берешектің сомасы, мың теңге	Кредиторлық берешектің жалпы сомасынан пайыздық үлесі
«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-ның УС СН және НП	54 761	31,8 %
«КЕГОК» АҚ	10 575	6,1 %
«Энерготехпроект» ЖШС	29 464	17,1 %

36-1. Эмитенттің соңғы үш аяқталған қаржы жылы ішінде алған (шеккен) кірістің (шығынның) мөлшері (үш жылдың ішіндегі үш жылдың қорытындысы бойынша бөлігінде)

	мың теңге		
	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл
Таза табыс	698 273	128 689	918 339

36-2. Левередж.

Осы бөлімде эмитенттің әрбір үш соңғы аяқталған қаржы жылының бірінші күніне қарасты, сондай-ақ облигациялар шығарылымының проспектісін (облигациялық бағдарлама) берер алдындағы соңғы тоқсанның левереджі шамасы көрсетіледі.

	2009 ж. 01 қаңтар	2010 ж. 01 қаңтар	2011 ж. 01 қаңтар	2011 ж. 01 сәуір
Бірлескен міндеттеме	4 518 000	5 402 212	5 461 553	4 584 254
Бірлескен капитал	3 021 165	3 171 151	4 518 063	5 309 370
Левередж	1,50	1,70	1,21	0,86

36-4. Аудиторлық есептеу нәтижесімен дәлелденген, эмитент қызметінің соңғы аяқталған екі жылдың біреуінен алынған, оның қаржы есеп беруіне сәйкес таза ақша қаражат ағындары көрсетіледі.

Эмитент 2010 жылғы аудиттік тексерілген қаржылық есеп беруге сәйкес келесі таза ақша қаражат ағындарын алды:

Көрсеткіш аты	Сума (мың теңге)
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза сомасы	1 862 540
Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының таза сомасы	- 1 391 458
Қаржылық қызметтен ақша қаражатының таза сомасы	- 423 423

6. Багалы қағаздар шығарылымдары туралы мәліметтер

37. Облигацияларды шығару туралы шешім қабылдаған күнге дейін барлық тіркелген эмиссиялық багалы қағаздар шығарылымдарына қатысты көрсетілуі тиіс:

1) облигациялардың әрбір шығарылымының жалпы саны, түрі және әрбір шығарылымдағы облигациялардың номиналдық құны, шығарылым нысаны, және де орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі, негізгі бережақтың сомасы, есептелген және төленген сыйақаның әр шығарылым бойынша сомасы, қайта сатып алынған облигациялардың саны, қайта сатып алынған күні. Облигациялар шығарылымдарын, осы мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу нөмірі және багалы қағаздарды тіркеу күні.

Эмитент өзінің барлық қызмет кезеңінде екі облигация шығарылымын жасады.

Облигациялардың бірінші шығарылымы туралы мәліметтер:

- облигациялардың жалпы саны – 4 000 000 дана;
- облигациялардың түрі – атаулы купондық;
- бір облигацияның номиналдық құны – 1 000 теңге;
- орналастырылған облигациялардың саны – 1 474 330 дана;
- орналастырылған облигациялардан түскен ақшаның жалпы сомасы – 1 474 330 000 теңге;
- негізгі бережақтың сомасы – 1 474 330 000 теңге;
- есептелген сыйақаның сомасы – 369 865 070 теңге;

- төленген сыйақаның сомасы (төлем көзінде салықты алып тастағанда) – 354 290 408 теңге;
- қайта сатып алынған облигациялардың саны – жоқ;
- облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдадарын реттеу және қадағалау Агенттігі;
- облигациялар шығарылымының мемлекеттік тіркеу нөмірі – В86;
- облигациялар шығарылымының мемлекеттік тіркеу күні – 06.01.2006 ж.

Облигациялардың екінші шығарылымы туралы мәліметтер:

- облигациялардың жалпы саны – 700 000 дана;
- облигациялардың түрі – атаулы купондық;
- бір облигацияның номиналдық құны – 1 000 теңге;
- орналастырылған облигациялардың саны – 694 800 дана;
- орналастырылған облигациялардан түскен ақшаның жалпы сомасы – 700 576 719,40 теңге;
- негізгі бережақтың сомасы – 694 800 000 теңге;
- есептелген сыйақаның сомасы – 141 739 200 теңге;
- төленген сыйақаның сомасы (төлем көзінде салықты алып тастағанда) – 141 739 200 теңге;
- қайта сатып алынған облигациялардың саны – жоқ;
- облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдадарын реттеу және қадағалау Агенттігі;
- облигациялар шығарылымының мемлекеттік тіркеу нөмірі – D13;
- облигациялар шығарылымының мемлекеттік тіркеу күні – 11.08.2008 ж.

2) құрылтайшылар төлеген акциялардың жалпы саны, түрі және номиналдық құны, және де орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі. Айналымдағы акциялардың жалпы саны, қайта сатып алынған акциялардың саны, қайта сатып алынған күні. Сатып алу әдістемесінің бекітілген күні. Акциялардың шығарылымдарының мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, мемлекеттік тіркеу нөмірі

Эмитенттің барлық шығарылған акциялары туралы мәліметтер.

Акциялардың бірінші шығарылымы туралы мәліметтер:

- шығарылған акциялардың жалпы саны – 20 000 дана;
- акциялардың түрі – атаулы жай акциялар;
- құрылтайшылардың төлеген бір акцияның номиналды құны – 100 теңге;
- акцияларды орнықтыру кезінде тартылған жалпы сома – 2 000 000 теңге;
- айналымдағы акциялардың жалпы саны – 20 000 дана;
- сатып алынған акциялардың жалпы саны – жоқ;
- акциялардың мемлекеттік тіркеуін жүзеге асырған орган – Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы;
- акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркеу нөмірі – А0289;
- акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркеу күні – 03.12.1996 ж.

Акциялардың екінші шығарылымы туралы мәліметтер:

- шығарылған акциялардың жалпы саны – 9 230 000 дана;
- акциялардың түрі – атаулы жай акциялар (9 213 800 дана), артықшылықты акциялар (16 200 дана);
- құрылтайшылардың төлеген бір акцияның номиналды құны – 100 теңге;

- акцияларды орнықтыру кезінде тартылған жалпы сома – 923 000 000 теңге;
- айналымдағы акциялардың жалпы саны – 9 230 000 дана;
- сатып алынған акциялардың жалпы саны – жоқ;
- акциялардың мемлекеттік тіркеуін жүзеге асырған орган – Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы;
- акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркеу нөмірі – А0289-1;
- акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркеу күні – 23.07.1997 ж.

Акциялардың үшінші шығарылымы туралы мәліметтер:

- шығарылған акциялардың жалпы саны – 2 310 000 дана;
- акциялардың түрі – атаулы жай акциялар;
- құрылтайшылардың төлеген бір акцияның номиналды құны – 100 теңге;
- акцияларды орнықтыру кезінде тартылған жалпы сома – 231 000 000 теңге;
- айналымдағы акциялардың жалпы саны – 2 310 000 дана;
- сатып алынған акциялардың жалпы саны – жоқ;
- акциялардың мемлекеттік тіркеуін жүзеге асырған орган – Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы;
- акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркеу нөмірі – А0289-2;
- акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркеу күні – 22.06.2001 ж.

Акциялардың төртінші шығарылымы туралы мәліметтер:

- шығарылған акциялардың жалпы саны – 1 440 000 дана;
- акциялардың түрі – атаулы жай акциялар;
- құрылтайшылардың төлеген бір акцияның номиналды құны – 100 теңге;
- акцияларды орнықтыру кезінде тартылған жалпы сома – 144 000 000 теңге;
- айналымдағы акциялардың жалпы саны – 1 440 000 дана;
- сатып алынған акциялардың жалпы саны – жоқ;
- акциялардың мемлекеттік тіркеуін жүзеге асырған орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
- акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркеу нөмірі – А0289-3;
- акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркеу күні – 27.12.2001 ж.

Эмитенттің жарияланған акциялардың санын көбейту Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау Агенттігімен № А0289 бойынша 19.03.2009 ж. тіркелген. Шығарылым 99 983 800 дана жай акция және 16 200 дана артықшылықты акцияға бөлінген. Проспекті шығару күніне 48 043 800 жай акция және 16 200 артықшылықты акция орналастырылған және төленген. 51 940 000 дана жай акция орналастырылмаған.

Акцияларды сатып алғандағы акцияның анықтау әдісі акционерлердің жиналысымен 10.05.2006 ж. бекітілген.

3) эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушыларының алдында өз міндеттемелерін орындамау (облигациялар бойынша сыйақы төлемеу (төлемді кешіктіру), акциялар бойынша дивидендтер төлемеу (төлемді кешіктіру) туралы мәліметтер, орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындаудың мерзімі, бағалы қағаздар (түрлері және шығарылымдары бойынша жеке-жеке) бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы туралы ақпарат.

Эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушыларының алдында өз міндеттемелерін орындамау, соның ішінде облигациялар бойынша сыйақы төлемеу туралы деректер жоқ. 2010 жылдың нәтижесі бойынша акциялардың дивидендтеріне 68 544 мың теңге төлемақы тоқтатылып жатыр. Эмитенттің жай және артықшылықты акцияларының дивидендтерін

төлеу бойынша қарыздың пайда болуының негізгі себептері болып жеке тұлғадағы акционерлердің эмитентпен байланыстарын үзуі, акционерлердің мекен-жайларының өзгеруі туралы және де эмитент пен тіркеушіге қажет мағлұматтарды уақытында бермеу болып табылады. Акционерлер алдындағы қарызды өтеу үшін, есептелген, бірақ төленбеген дивидендтерді төлеу үшін эмитент жай және артықшылықты акциялардың ұстаушыларының мекен-жайларын анықтау жолында үнемі жұмыстар жүргізеді.

4) егер бағалы қағаздардың қандай да болмасын шығарылымы тоқтатылған немесе жарамсыз болып танылған не күші жойылған жағдайда осындай шешімдерді қабылдаған мемлекеттік органды, оларды қабылдау негіздері және күні;

Эмитенттің бағалы қағаздарының барлық шығарылымдары тоқтатылған, не болмаса жүзеге асырылмаған, не жойылған деп саналмайды.

5) әр тіркелген облигациялардың шығарлымдары бойынша сыйақы төлеу күндері, төлеуге тиісті сомалар, қайта сатып алу күндері және де әр шығарлым бойынша жапқан кездегі төленетін сомалар;

Облигациялардың өткен шығарлымдары бойынша қарызды өтеу туралы мәліметтер:

Бірінші шығарлым:

Сыйақыны төлейтін күндері мен сомалары:

05.10.2006 ж. – 31 685 350-00 теңге

05.04.2007 ж. – 31 685 350-00 теңге

05.10.2007 ж. – 48 185 025-00 теңге

05.04.2008 ж. – 72 992 313-00 теңге

05.10.2008 ж. – 81 282 570-00 теңге

05.04.2009 ж. – 88 459 800-00 теңге

Барлығы: 354 290 408-00 теңге

Облигацияларды жабу мерзімі: 05.04.2009 ж.

Облигациялардың номиналды құнын жабу сомасы: 1 474 330 000 теңге

Екінші шығарлым:

Сыйақыны төлейтін күндері мен сомалары:

27.08.2009 ж. – 45 162 000-00 теңге

27.02.2010 ж. – 45 162 000-00 теңге

27.08.2010 ж. – 23 623 200-00 теңге

27.02.2011 ж. – 27 792 000-00 теңге

Всего: 141 739 200-00 теңге

Облигациялардың екінші шығарлымы бойынша болашақта қанша сыйақы төленетінін есептеу мүмкін емес. Екінші жылдан бастап (2010 жылдың тамызынан) кейінгі айналым жылдары облигациялардың сыйақы ставкасы инфляция деңгейіне байланысты қалқымалы жартыжылдық купон негізінде әрбір 6 ай сайын $r = i + m$ формуласы бойынша анықталатын қалқымалы, мұнда r – купонды сыйақы; i – кезекті купонды сыйақы төлеу күніне дейінгі алдыңғы 2 айдың алдындағы соңғы 12 айға Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі жариялайтын тұтыну бағаларының өсу/төмендеу индексі ретінде есептелетін (индекс мәні, пайызбен, алу 100 %) инфляция деңгейі; m – 1 % жылдық мөлшеріндегі тіркелген маржа. Ставканың жоғарғы шек мәні **15 %** (он бес пайыз) деңгейінде, төменгі - **5 %** (бес пайыз) деп белгіленеді. Купонның сыйақысының төлемі қазақстандық теңгемен жылына екі рет 360/30 (бір жылда 360 күн / бір айда 30 күн) уақыттық базамен сәйкес әр алты ай сайын облигациялардың айналымға түскен күнінен бастап, айналым аяқталғанға дейін есептеледі.

Облигациялардың екінші шығарылымы бойынша қайта сатып алу болған емес.

6) соңғы екі қаржылық жылының әрбір жылындағы немесе нақты жұмыс істеу

кезе?індегі бір акцияға (жай, артықшылықты) дивидендтерді? есептелген сомасы және төленген дивидендтердің сомасын көрсете отырып, дивидендтің мөлшері;

Эмитенттің жай акциялары бойынша қарыздарды өтеу туралы мәліметтер (теңгемен):

Көрсеткіштің атауы	2009 жыл	2010 жыл
Бір акцияға есептелген дивидендтің мөлшері	1-20	1-80
Кезеңнің басындағы қалдық	48 697 474-14	9 716 816-86
Есептелген дивидендтердің жалпы сомасы	57 652 560-00	86 478 840-00
Төленген дивидендтердің жалпы сомасы	96 633 217-28	31 408 191-96
Кезеңнің аяғындағы қалдық	9 716 816-86	64 787 464-90

Эмитенттің артықшылықты акциялары бойынша қарыздарды өтеу туралы мәліметтер (теңгемен):

Көрсеткіштің атауы	2009 жыл	2010 жыл
Бір акцияға есептелген дивидендтің мөлшері	120-00	120-00
Кезеңнің басындағы қалдық	3 238 800-00	3 372 000-00
Есептелген дивидендтердің жалпы сомасы	1 944 000-00	1 944 000-00
Төленген дивидендтердің жалпы сомасы	1 810 800-00	1 558 962-00
Кезеңнің аяғындағы қалдық	3 372 000-00	3 757 038-00

7) эмитенттің бағалы қағаздары сатылатын негізгі рыноктар, сату ұйымдастырушылардың атауларын көрсете отырып;

Эмитенттің акцияларымен сауда-саттық ұйымдастырылмаған рынокта және сондай-ак ұйымдастырылған рынокта «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізімінде жүргізіледі.

Эмитенттің облигацияларымен сауда-саттық ұйымдастырылған рынокта «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізімінде жүргізіледі.

8) эмитенттің бұрын шығарған облигациялардың ұстаушыларына берілген құқықтар, соның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын жүзеге асыратын тәртіпті көрсете отырып облигациялардың ұстаушыларымен жасалған бағалы қағаздарды сату-сатып алу шарттарында көрсетілген құқықтар

Эмитенттің бұрын шығарған облигациялардың ұстаушыларына келесі құқықтар беріледі:

- әр шығарылымның шарттарына байланысты облигациялардың мерзімі аяқталған кезде өздеріне тиесілі облигациялардың номиналды құнын соңғы сыйақымен бірге алуға;
- облигациялар бойынша сыйақы алуға;
- өздеріне тиесілі облигацияларға еркін өкімдік етуге;
- жазбаша хабар беру арқылы эмитент туралы қажетті ақпаратты алуға;
- облигациялар шығарылымының проспектісімен немесе оның көшірмесімен танытуға;
- уәкілетті органға осы көшірмені беріп, оның қолындағы проспектінің облигациялар шығарылымы проспектінің көшірмесіне сәйкес келуін тексеру туралы сұраумен уәкілетті органға баруға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигацияға меншік құқығынан туындайтын басқа да құқықтар.

7. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер

Бұл тарау облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде толтырылмайды

8. Қосымша ақпарат

41-1. Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде көретіледі эмитент облигациялары бойынша дефолт тудыратын оқиғалар және қандай шарттардың орындалған кезінде облигацияларды ұстаушылар облигациялардың мерзімінен бұрын өтелуін талап ете алады;

Эмитенттің өзінің шығарылған облигациялары бойынша облигациялық бағдарлама шеңберінде шығарылымдардың шарттарымен белгіленген облигациялардың сыйақы немесе негізгі қарызды өтеу мерзімінің аяқталған күнінен бастап 10 (он) күнтізбе күні ішінде сыйақыны немесе номиналды құнын төлемесе, эмитент облигациялары бойынша дефолт жарияланауы мүмкін.

Облигацияларды ұстаушылар эмитенттен облигацияларды мерзімінен бұрын өтелуін тек ғана егер эмитент облигациялар бойынша өзінің сыйақы (купон) төлеу міндеттемесін өтей алмаған жағдайда талап ете алады, және де сыйақы төлеу мерзімі 180 жұмыс күнінен асып кетсе.

облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда эмитенттің қолданатын шаралары, сыйақы төлеу міндеттемесін өтей алмаған не дұрыс өтемеген жағдайларда облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау тәсілдері;

Өзінің облигациялары бойынша дефолт болған жағдайда эмитент осы дефолтты тудырған себептерді жою үшін және облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар жігерін жұмылдырады.

Эмитент өз кінәсі салдарынан облигациялық бағдарлама шеңберінде шығарылымдардың шарттарымен белгіленген облигациялардың сыйақы немесе негізгі қарызды өтеу міндеттемелері бойынша сыйақы және/немесе негізгі қарыздың кез келген сомасын төлей алмаса, эмитент облигацияларды ұстаушыларға мерзімнен тыс шыққан әр күн сайын ақшалай міндеттеменің немесе оның бір бөлігінің пайда болған күніне сай келетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасына байланысты айыппұл төлеуге міндетті.

Дефолттың басталуы туралы деректер мен ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдерін жанжақты көрсетіп беру, бұл ақпараттар орындалмаған міндеттемелердің көлемін, міндеттемелерді орындамау себептері, және де облигацияларды ұстаушылардың өздерінің талаптарын қамтамасыз ету үшін жасалатын мүмкін іс-қимылдары, эмитентке және онымен бірге ынтымақты міндеттеме қабылдаған тұлғаларға арыздану тәртібі. Егер мынадай ақпаратты ашу эмитент басқа заңды тұлғаларға тапсырса, бұл тұлғалардың толық және қысқартылған атаулары және орналасқан жерлері көрсетілуі керек.

Өзінің облигациялары бойынша дефолттың басталған жағдайында эмитент дефолт басталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде облигациялар бойынша дефолттың туу себептерін, орындалмаған міндеттемелердің көлемін, облигацияларды ұстаушылардың өздерінің талаптарын қамтамасыз ету үшін жасалатын мүмкін іс-қимылдарын және эмитентке арыздану тәртібін толық көрсетілген ресми пресс-релиз шығарады. Бұл пресс-релиз эмитенттің ресми сайтында www.amf.kz және бұқаралық баспа құралдарында («Егемен Қазақстан» республикалық газетте) жарық көреді, және де «Қазақстан қор биржасы» АҚ-на жіберіледі.

Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт туралы ақпаратты ашу эмитентпен басқа заңды тұлғаларға тапсырмаған.

инфрақұрылымды облигациялар шығарылған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің тапсырыс беру туралы қаулысының және концессиялық келісім-шарттың реквизиттері көрсетілуі қажет;

Эмитент облигациялық бағдарлама шеңберінде инфрақұрылымды облигациялар шығаруды жоспарламайды.

тіркеушінің атауы, оның орналасқан жері, телефон нөмірлері, келісім-шарттың нөмірі мен күні

«Центр ДАР» акционерлік қоғамы.

Орналасқан жері: Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 565 үй, 8 пәтер.

15.06.2005 ж. берілген №0406200394 мемлекеттік лицензиясы.

10.12.1999 ж. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізімін жүргізу қызметі туралы Шарт-тапсырыс № 75.

42. Облигация айналымындағы шектеулер.

Облигациялық бағдарлама шеңберінде шығарылатын облигацияларды сатып алушыларға қатысты және бұл облигациялардың айналымына қатысты шектеулер қойылмайды.

Облигациялық бағдарлама шеңберінде шығарылатын облигациялар шығарылымдары саны шектеусіз инвесторлар арасында, соның ішінде институционалды инвесторлар арасында орналастырылады

43. Облигациялар шығарылымына кеткен шығындар сомасы және осы шығындар қалай өтелетіндігі туралы мәліметтер

Эмитенттің облигацияларды шығарып, ұйымдастырылған рынокта толық орнықтыру үшін шығындар сомасы шамамен 5 миллионнан 20 миллион теңгеге жуық болмақ және ол келесілерді қамтиды:

- қаржы кеңесшісінің қызметтері;
- андеррайтердің қызметтері;
- тәуелсіз тіркеушінің қызметтері;
- рейтинг агенттілігінің қызметтері;
- кіріс және жылдық листингтік алымдар төлеу;
- кіру және жылдық листингтік жиынды төлеу;
- басқа ықтимал қосалқы шығындар.

44. Инвесторлар эмитенттің қызметі туралы жарияланатын бұқаралық баспа құралдарымен, эмитент жарғысының көшірмесімен, облигациялар шығарылымы проспектісімен, облигацияларды орналастыру есебімен таныса алатын жерлер туралы ақпарат

Ықтимал инвесторлар эмитент жарғысының көшірмесімен және облигациялар шығарылымының және облигациялық бағдарлама проспектілермен эмитенттің атқарушы органы орналасқан жері бойынша таныса алады: Қазақстан Республикасы, 030006, Ақтөбе қ., Некрасов к-сі, 112.

Эмитенттің қызметі туралы ақпаратты пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралы – «Егемен Қазақстан» республикалық газеті.

Ықтимал инвесторлар эмитенттің қызметі туралы ақпаратты және эмитент туралы басқа да мәліметтерді эмитенттің веб-сайтынан www.amf.kz, болмаса Қазақстан қор биржасының веб-сайтынан www.kase.kz алу мүмкіндіктері бар.

Бас директор

Байсырымов Б.Т.

Бас бухгалтер

Алатаева А.А.